**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print)**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

# ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Казахский национальный педагогический университет имени Абая

# THE BULLETIN

THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
Abai Kazakh National Pedagogical University

PUBLISHED SINCE 1944

**2** (396)

MARCH – APRIL 2022

ALMATY, NAS RK

*Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы «ҚР ҰҒА Хабаршысы» ғылыми журналының Web of Science-тің жаңаланған нұсқасы Emerging Sources Citation Index-те индекстелуге қабылданғанын хабарлайды. Бұл индекстелу барысында Clarivate Analytics компаниясы журналды одан әрі the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index және the Arts & Humanities Citation Index-ке қабылдау мәселесін қарастыруда. Web of Science зерттеушілер, авторлар, баспашылар мен мекемелерге контент тереңдігі мен сапасын ұсынады. ҚР ҰҒА Хабаршысының Emerging Sources Citation Index-ке енуі біздің қоғамдастық үшін ең өзекті және беделді мультидисциплинарлы контентке адалдығымызды білдіреді.*

*НАН РК сообщает, что научный журнал «Вестник НАН РК» был принят для индексирования в Emerging Sources CitationIndex, обновленной версии Web of Science. Содержание в этом индексировании находится в стадии рассмотрения компанией Clarivate Analytics для дальнейшего принятия журнала в the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index и the Arts & Humanities Citation Index. Web of Science предлагает качество и глубину контента для исследователей, авторов, издателей и учреждений. Включение Вестника НАН РК в Emerging Sources Citation Index демонстрирует нашу приверженность к наиболее актуальному и влиятельному мультидисциплинарному контенту для нашего сообщества.*

*NAS RK is pleased to announce that Bulletin of NAS RK scientific journal has been accepted for indexing in the Emerging Sources Citation Index, a new edition of Web of Science. Content in this index is under consideration by Clarivate Analytics to be accepted in the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index, and the Arts & Humanities Citation Index. The quality and depth of content Web of Science offers to researchers, authors, publishers, and institutions sets it apart from other research databases. The inclusion of Bulletin of NAS RK in the Emerging Sources Citation Index demonstrates our dedication to providing the most relevant and influential multidiscipline content to our community.*

**БАС РЕДАКТОР:**

**ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы,** филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

**БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:**

**БИЛЯЛОВ Дархан Нұрланұлы,** PhD, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан), **H = 2**

**ҒАЛЫМ ХАТШЫ:**

**ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **H = 2**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы,** экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **H = 5**

**САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы,** экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **H = 4**

**ЛУКЬЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **H=2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **H = 4**

**СЕМБИЕВА Ләззат Мыктыбекқызы,** экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **H = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **H = 3**

**БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **H = 2**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **H =2**

**ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна,** экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **H = 3**

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».**
**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print).**
Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.).
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген
**№ 16895-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.
Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*
Мерзімділігі: жылына 6 рет.
Тиражы: 300 дана.
Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19
http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2022

Типографияның мекен-жайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Мұратбаев көш., 75.

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:**

**ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Канcеитович,** доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

**ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА:**

**БИЛЯЛОВ Дархан Нурланович,** PhD, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального педагогического университета им. Абая (Алматы, Казахстан), **H = 2**

**УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:**

**АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна**, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **H = 2**

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:**

**САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович,** доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **H = 5**

**САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович,** доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **H = 4**

**ЛУКЬЯНЕНКО Ирина Григорьевна,** доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **H = 2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич,** доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **H = 4**

**СЕМБИЕВА Ляззат Мыктыбековна,** доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **H = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна,** доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **H=3**

**БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна,** доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **H = 3**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович**, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **H=2**

**ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна,** доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **H = 3**

**«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».**
**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print).**
Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы). Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан **№ 16895-Ж,** выданное 12.02.2018 г.
Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*
Периодичность: 6 раз в год.
Тираж: 300 экземпляров.
Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19
http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2022

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75.

**EDITOR IN CHIEF:**

**TUIMEBAYEV Zhanseit Kanseitovich**, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

**DEPUTY CHIEF DIRECTOR:**

**BILYALOV Darkhan Nurlanovich,** Ph.D, Honorary Member of NAS RK, Rector of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

**SCIENTIFIC SECRETARY;**

**ABYLKASYMOVA Alma Yessimbekovna,** Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

**EDITORIAL BOARD:**

**SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich,** Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

**SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich,** Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

**LUKYANENKO Irina Grigor'evna**, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

**SHISHOV Sergey Evgen'evich,** Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 4**

**SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova,** Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

**ABILDINA Saltanat Kuatovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

**BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarin (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

**RYZHAKOV Mikhail Viktorovich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

**YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna,** Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3.**

**Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**
**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print).**
Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of
a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications
of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж,** issued on 12.02.2018.
Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*
Periodicity: 6 times a year.
Circulation: 300 copies.
Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19
http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2022

Address of printing house: ST «Aruna», 75, Muratbayev str, Almaty.

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494
Volume 2, Number 396 (2022), 129-147
https://doi.org/10.32014/2022.2518-1467.276

UDC 373.6

**Г.С. Махарова**

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті,
Алматы, Казахстан
E-mail: *maharova727@gmail.com*

# "КЕЙС" ӘДІСІ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Аннотация.** Мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін көптілді білім беру жағдайында даярлауда ағылшын тілін "кейс" әдісі арқылы оқытудың ерекшеліктері қарастырылады. Кейс әдісін қолдануды ғылыми тұрғыда әртүрлі сала бойынша зерттеген ғалымдармен зерттеушілердің тәжірибелік тұжырымдамалары және көзқарастары сипатталады.

Қоғамда бәсекеге қабілетті, құзыретті педагог мамандарды даярлау және мәдениетаралық қарым-қатынасты дамыту қажеттілігі – білім берудің принциптері мен әдістерін анықтай келе, оқытудың жаңашыл және белсенді әдістерін қолдануды талап етеді. Тілдік емес жоғары педагогикалық оқу орындарында шетел тілін оқыту, әсіресе болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін көптілді білім беру негізінде даярлау – қоғам сұранысынан туындаған қажеттілік. Дегенмен, елімізде көптілді білім беруге қажетті жағдайлар жасалынып, білім беру мекемелеріне қоғам мен мемлекет тарапынан әртүрлі деңгейде қолдаулар көрсетілгеніне қарамастан, алыс, шалғай аудандарда ағылшын тілі пәнінен, әсіресе бастауыш сынып мұғалімдерінің жеткіліксіздігі, күтілген нәтижені қамтамасыз ете алмай келеді.

Бұл зерттеудің мақсаты – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лингводидактикалық әлеуетін ағылшын тілінде дамытуда әдістемелік тұрғыдан кейс әдісін қолданудың оңтайлы және тиімді жолдарын анықтауды көздейді. Қолданбалы зерттеулердің нәтижелері шет тілін

кейс әдісі арқылы оқыту – болашақ мамандарды даярлауда тиімді интерактивті әдістердің бірі екенін дәлелдейді.

Заманауи оқытудың ең танымал интерактивті әдістерінің бірі ретінде кейс әдісі нақты білім мен дағдыларды дамыту үшін ғана қолданылмайды, сонымен қатар студенттердің аналитикалық ойлау қабілетін, интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін арттыру мақсатында оқытудың дәстүрлі әдіс-тәсілдеріне қарағанда тиімді болып саналады. Кейс технологияларын тіл оқыту процесінде қолдану – студенттерді пікірталасқа белсенді қатысуға және коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруға, теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыруға және тәжірибеден теориялық тұжырым шығаруға, нақты мәселені шешуде екіұштылықты көруге баулиды.

**Түйін сөздер:** кейс әдісі, оқу процесі, жағдаяттық талдау, мәселе шешу, шешім қабылдау, сыни тұрғыда ойлау.

**Г.С. Махарова**

Казахский Национальный Педагогический университет имени. Абая, Алматы, Казахстан.
E-mail: *maharova727@gmail.com*

## ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ЛИНГВОДИДАКТИЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ ПО КЕЙС МЕТОДУ

**Аннотация.** В статье рассматриваются особенности обучения английскому языку по «кейс методу» в подготовке будущих учителей начальных классов в условиях полиязычного образования. Описаны практические концепции и взгляды исследователей, изучавших применение кейс-метода в самых разных научных областях.

Необходимость подготовки конкурентоспособных, компетентных педагогов и развития межкультурной коммуникации в обществе требует использования инновационных и активных методов обучения, определяющих принципы и методы преподавания. Обучение иностранному языку в неязыковых вузах, в том числе подготовка будущих учителей начальных классов на основе полиязычного образования является потребностью общества. Однако, несмотря на создание в стране необходимых условий для полиязычного образования и различный уровень общественной и государственной поддержки образовательных учреждений, нехватка учителей английского языка,

особенно учителей начальных классов в отдаленных районах страны, не достигает ожидаемых результатов.

Целью данного исследования является выявление наиболее оптимальных и эффективных способов использования кейс-метода в развитии лингводидактического потенциала будущих учителей начальных классов по английскому языку. Результаты прикладных исследований доказывают, что кейс-ориентированное обучение иностранному языку является одним из наиболее эффективных интерактивных методов в развитии лингводидактического потенциала в подготовке будущих специалистов. Являясь одним из наиболее популярных интерактивных методов современного обучения, кейс-метод используется не только для развития конкретных знаний и умений, но и более эффективен, чем традиционные методы обучения, для повышения аналитического мышления, интеллектуального и творческого потенциала студентов. Использование кейс-технологий в процессе изучения языка – мотивирует студентов к активному участию в дискуссиях и формированию коммуникативных компетенций, к совмещению теоретических знаний с практикой и к теоретическим выводам из опыта, к видению неоднозначности в решении реальной проблемы.

**Ключевые слова**: кейс-метод, учебный процесс, ситуационный анализ, решение проблем, принятие решений, критическое мышление.

**G.S. Makharova**

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: *maharova727@gmail.com*

## FEATURES OF DEVELOPING LINGUODIDACTIC POTENTIAL OF FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHERS BY THE CASE METHOD

**Abstract.** The article discusses the features of teaching English by the “case study” in the training of future primary school teachers in the context of multilingual education. The practical concepts and views of researchers who have studied the application of the case method in various scientific fields are described.

The need to train competitive, multilingual teachers in society and the development of intercultural communication requires the use of innovative and active teaching methods that determine the principles and methods of

education. It is obvious that the teaching of foreign languages in non-linguistic higher educational institutions, including the training of future primary school teachers on the basis of multilingual education, is a necessity of society. However, despite the creation of the necessary conditions for multilingual education in the country and the various levels of public and state support for educational institutions, the shortage of English teachers, especially primary school teachers in remote areas of the country does not achieve the expected results.

The purpose of this study is to identify the most optimal and effective ways of using the "case study" method in developing future primary school teachers' linguodidactic potential in English. The results of applied research prove that case-oriented foreign language teaching is one of the most effective interactive methods in the development of linguodidactic potential in the training of future specialists.

Being one of the most popular interactive methods of contemporary teaching in higher education, the "case method", unlike traditional language teaching methods is aimed not only at developing specific knowledge and skills, but also at improving students' analytical thinking, intellectual and creative potential. The use of case technologies for the purpose of teaching a foreign language – encourages students to actively participate in the discussion and develop communicative competencies, to combine theoretical knowledge with practice and draw theoretical conclusions from experience, to see the ambiguity in solving a particular problem.

**Key words:** case study method, educational process, situational analysis, problem solving, decision-making, critical thinking.

**Кіріспе.** Бүгінгі таңда білім беру жүйелеріне жеке тұлғаларды саяси, экономикалық және әлеуметтік қарым-қатынастарға белсенді қатысуға даярлау жауапкершілігі артылуда. Бұл тұрғыда белгілі бір қарым-қатынас деңгейіне қол жеткізу үшін негізгі қажеттіліктердің бірі, қоғам мен заманның талабы – шетел тілін меңгеру болып табылады. Әсіресе, lingua-franca ретінде қабылданған ағылшын тілі – халықаралық қатынасты қамтамасыз етудегі шетел тілдерінің алдыңғы қатарында екені белгілі. Ағылшын тілін оқытуда болашақ маманның тілдік іскерліктерімен, дағдыларын (тыңдап-түсіну, сөйлеу, оқылым мен жазылым) талаптарға сай дамыту, жеке тұлғалардың кәсіби жетістіктерге (халықаралық платформаларда жобалар жасау, ақпарат көздерін тиімді қолдану, деректер жинау, кәсіби деңгейде қарым қатынас жасау) жетуінде маңызды рөл атқарады. Ағылшын тілін меңгермей жаһандық өмірдің белсенді тұлғасы болу мүмкін емес болғандықтан, ағылшын тілі тек жай

ғана үйреніп қоятын шетел тілі емес, сонымен қатар әрбір кәсіби білікті маман меңгеруге, білуге тиісті маңызды тіл (Wolff, 2003).

'Кейс' әдісі ('case' – іс, жағдай, оқиға, мәселе, 'study' – оқу, зерттеу, қарастыру) белгілі бір жағдайды топтық талқылауға, мәселені шешу барысында нақты шарттарды ұсынуға, оңтайлы шешім қабылдауға және таңдау жасау дағдыларын қалыптастыруға негізделген белсенді оқыту әдісі. Кейс әдісі алғаш рет XX ғасырдың басында АҚШ-тың Харвард университетінің бизнес мектебінде менеджмент пәнін оқыту мақсатында енгізілді. «Кейс стади» терминін алғаш профессор Морис. А. Коупленд студенттермен нақты жағдаяттарды талдап, талқылауда қолданғаны белгілі. Сондықтан бұл оқыту әдісін таратуда жетекші рөл Гарвардқа тиесілі. Дәл сол оқу орнында студенттерге бизнес пәндерін оқытуға арналған алғашқы кейстер әзірленген. Қазіргі таңда танымал екі "Case-Study" классикалық мектеп бар: Гарвард (америкалық) және Манчестер (еуропалық). Гарвард мектебі аясындағы әдістің мақсаты - тек бір ғана шынайы шешімді іздеуге үйрету болса, Манчестер мектебі мәселені шешудің көп нұсқалылығын болжайды. АҚШ және Еуропа елдерінде "кейс-стади" әдісі көптеген жылдар бойы әлеуметтік - экономикалық, заң ғылымдарын меңгертудегі тиімді әдістердің бірі саналды, ал қазіргі таңда тек жоғары оқу орындарында ғана емес, сонымен қатар әртүрлі сала қызметкерлерінің біліктілігі мен іскерліктерін арттыруда, жалпы білім беру ұйымдарында кеңінен қолданылуда (Сурмина, 2002).

Кейс әдісі – нақты жағдаяттарды сипаттау, баяндау арқылы жүзеге асатын оқыту техникасы. Студенттердің меңгерген теориялық білімін кәсіби тәжірибеде қолдануға баулиды. Нақты жағдайларды талдап, мәселенің мәнін түсініп, ықтимал шешімдерді ұсынуға және ең тиімдісін таңдауға үйретеді. Аталмыш әдіске арналған зерттеулерде негізінен экономикалық бағыттағы білім беру бағдарламалары бойынша студенттерді даярлау процесіндегі кейсті жүзеге асыру ерекшеліктері қарастырылған. Осы тұрғыда кейс әдісін талдаумен әзірлеуге және оны енгізуге елеулі үлес қосқан зерттеушілер: Г.А. Брянский, Р.К. Бирншейн, Ю.Ю. Екатеринославский, Ю.Д. Красовский, Н.И. Быкова, О.В. Козлова, В.Я. Платов, Д.А. Поспелов, О.А. Овсянников, А.И. Наумов, А.П. Панфилова, Н.Н. Пискунова, М.Л. Разу, В.С. Рапопорт, И.М. Сыроежин, Л.Б. Барнс, К.Р. Кристенсен, Э.Дж. Хансен Ю.П. Сурмин, А.М. Долгоруков және т.б.

Бірқатар ғалымдар: Ю.П. Сурмин, В.И. Лобода, К. Меер, О.А. Овсянников,А.В.Сидоренкожәнет.б.кейсәдісінуниверситетстуденттерін даярлау процесіне енгізу мәселесін қарастырған. Ғалымдардың көзқарасы тұрғысынан кейс әдісіне "ересектердің кәсіби іс-әрекеттерін

үйретуге арналған мақсатты педагогикалық технология"деген анықтама берілген. Кейс әдісіне қатысты мәселелерді теориялық тұрғыдан зерттеген шетелдік ғалымдар қатарында Р.О. Бринкерхорфф, С.М. Газс, Л. Селинкер, А.Л. Джордж, Э. Беннет, К.М. Бонней, Дж. Шульман, А.Е. Флинн, Д.Д. Кляйн және т.б. (Anderson et.al, 2000).

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Кейс-стади әдісінің шығу тарихы және оның білім беру саласындағы қолданылу ерекшеліктері зерделеніп, педагогикалық зерттеу жұмыстарына, жалпы және арнайы педагогикалық әдебиеттермен ғылыми баяндамаларға шолу жасалды. Ғылыми-әдістемелік басылымдар іріктеліп, дереккөздер мен ақпараттар салыстырылды. Кейс-стади технологиясының даму тарихын және оның дидактикалық мүмкіндіктерін сипаттау кезінде ғылыми-теориялық және практикалық әдебиеттерге ретроспективті және абстрактілі талдаулар қолданылады. Зерттеу мәселесі бойынша сұрақ қою, мазмұнды талдау және сипаттамалық статистика жасалды.

- теориялық әдістер: синтез, салыстыру, болжау, саралау, жүйелеу;
- диагностикалық әдістер: бақылау, сұрақ қою, әңгімелесу, сауалнама, педагогикалық эксперимент, тестілеу, пікірталас, статистикалық әдістер, талдау. Зерттеуде сандық және сапалық мәліметтерді талдауды көздейтін теориялық және эмперикалық зерттеу әдістері қолданылды.

Зерттеуші ғалым Боннейдің (Bonney, Kevin. M. 2015) көзқарасы тұрғысынан "кейс-стади" технологиясы – шешім қабылдауды немесе әрекетті қажет ететін нақты және гипотетикалық жағдайды сипаттауға негізделген оқыту әдісі. Кейс-стади әдісі проблемалық оқытуды көздейтін және аналитикалық дағдыларды дамытуға ықпал ететін оқытудың жоғары бейімделгіш стилі болып табылады (Bonney, 2015).

Мазмұнды баяндау форматында топтық талқылауда және күрделі мәселелерді шешуде ынталандырушы сұрақтармен, әрекеттермен жігерлендіру арқылы кейс амалдар Блум таксономиясындағы когнитивтік оқытудың жоғары деңгейлерін дамытуға ықпал етеді; білімді есте сақтаудан талдауға, бағалауға және қолдануға көшіреді. (Anderson et.al, 2000).

Сонымен қатар, кейс зерттеулері пәнаралық оқытуды жеңілдетеді және нақты академиялық тақырыптар мен нақты әлемдегі әлеуметтік мәселелер мен қолданбалар арасындағы байланыстарды анықтау мақсатында пайдаланылады. Бұл студенттердің сабаққа деген ынтасы мен қызығушылығын арттырады, оқу процесіндегі іс - шараларға белсенді қатысуға итермелейді және бағалаудағы өнімділікті арттыруға ықпал етеді. (Flynn et.al, 2001).

Шульманның кейске берген анықтамасы: (Shulman, 1992) «Кейстер

әдетте мұғалімнің алдында тұрған практикалық немесе стратегиялық дилеммалардың есептері» Кейс әдісінің мәні: студенттерді нақты жағдаятқа қатысты ақпарат пен білімді меңгеруге бағыттайды, нәтижесінде студенттер кәсіби білім, білік, дағдыларын тәжірибеде шығармашылықпен іске асыруға және аналитикалық ақыл-ой қабілеттерін дамытуға мүмкіндік алады. Кейс (жағдай) - әртүрлі типтегі оқиғаларды талдауға үйретіп, белгілі бір форматқа сәйкес нақты дайындалған шынайы (реальды) немесе алдын ала ойдан (қиялды) бейімдеп құрастырылған жағдайдың сипаттамасы (Shulman et.al, 1992).

Зерттеуші ғалым Ю.П. Сурмин кейс әдісін қолдануда мұғалімдерге тән іс-әрекеттің тиімділігін арттыратын бірқатар функционалды қағидаларды ұсынады: әртүрлілік қағидасы «дидактикалық қарулану» және оның нәтижелілігі, «серіктестік» қағидасы, ақпарат алу үрдісін ұйымдастыру принципі, «педагогикалық-психологиялық ғылымның жетістіктерін сіңіру» қағидасы, «шығармашылық» қағидасы және «прагматизм» қағидасы.

Ю.П. Сурминнің зерттеуінде кейс әдісі методологиялық контексте танымның басқа, қарапайым әдістерімен интеграцияланған күрделі жүйе ретінде ұсынылған. Оның құрамына кейс әдісінде өз рөлдерін үйлесімді атқаратын модельдеу, жүйелі талдау, проблемалық әдіс, ойша эксперимент, сипаттау әдістері, жіктеу, ойын әдістері, миға шабуыл және пікірталас енеді (Сурмина, 2002).

Кесте-1

| Кейс әдісімен интеграцияланған әдіс | Кейс әдісіндегі оның рөлінің сипаты |
|---|---|
| Модельдеу/ үлгілеу | Жағдайдың үлгісін немесе кейс моделін құру |
| Жүйелі талдау | Жағдайды жүйелі ұсыну және талдау |
| Ойша эксперимент | Жағдаятты ойша /психикалық түрлендіру арқылы білім алу тәсілі |
| Сипаттау әдістері | Кейстің немесе жағдаяттың сипатын құру |
| Проблемалық әдіс | Кейс негізінде жатқан түйінді мәселені ұсыну |
| Жіктеу/ классификация әдісі | Кейстің құрамдас компоненттерінің (қасиеттері, тараптары) реттелген тізімдерін құру |
| Ойын әдістері | Кейіпкерлердің мінез-құлықтарын бейнелеу |
| «Миға шабуыл» әдісі | Жағдаяттарға қатысты идеяларды генерациялау |
| Пікірталас / Дискуссия | Түйінді мәселені шешу жолдары туралы пікір алмасу |

Коммуникативті мазмұнда білім берудің ерекше элементтерінің бірі «прагматикалық» – ол қарым-қатынас салаларынан, тақырыптар мен жағдаяттардан, коммуникативті тапсырмалар түрлерінен, мәселенің өзектілігіне сәйкес сөйлеу әрекеттерінен тұрады. Ал «дискурсивті»

элемент – өзекті коммуникативті міндеттердің шешімін, тілдік бірліктердің қызметін, қарым-қатынастың пәндік-мазмұндық жоспарын көрсетеді, кәсіби құзыреттілік элементтерін құрайтын мәтіндер мен мәлімдемелерді қамтиды. Шетел тілін оқытудың әдістемесін зерттеуші ғалымдар Е.И. Пассов, В.П. Кузовлев және В.С. Коростелев әдістемеде коммуникативтік минимум мәселесін шешуде "коммуникативтік минимумның табиғаты мен құрылымын анықтау, оқу процесінде басқа құрамдас компоненттер арасындағы орны мен мәнін анықтау, ол үшін оқытуға қажетті, тиімді және маңызды материалды таңдау критерийлерін дамыту"керектігін алға тартады (Пассов, 1991).

**Талқылау.** Бұл зерттеудің мақсаты – педагогикалық университеттің оқу процесінде кейс технологияларын қолдану мүмкіндіктерін қарастыру; болашақ мамандарды даярлау барысында берілген әдістің тиімділігі мен перспективтілігін дәлелдеу. Кейс технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – ситуацияға негізделген оқытудың лингводидактикалық әлеуетін және методологиялық тиімділігін анықтау болып табылады.

Кейсолог Р. Эллистің көзқарасы тұрғысынан (Ellis, 2003) "кейс-стади" әдісі тапсырмаға негізделген оқытудың бір түрі болғандықтан мұғалімдерге коммуникативті тәсілді жүзеге асыруға мүмкіндік береді: басты назар тапсырманың орындалуына бағытталады, сәйкесінше студенттер тілдегі грамматикалық және лексикалық бірліктерді тілдік жаттығулардың орнына жеке ойларын жеткізу мақсатында, қарым - қатынас құралы ретінде қолданады. Тілді тапсырмаға негіздеп оқыту тіл үйренуге қолайлы, бұл студенттерге жанды қарым-қатынасты қамтамасыз етеді және белсенді оқуға ынталандырады. Тапсырманың назары мәніне аударылады; оның 'нақты анықталған, тілдік емес нәтижесі' бар, студенттер тапсырманы нақты бір деңгейде аяқтау үшін қажетті лингвистикалық ресурстарды таңдайды (Ellis, 2003).

Стэнфорд заң мектебінде кейс стади әдісі білім беру процесінде кеңінен қолданылады. Студенттер кейс тапсырмалары арқылы заңгерлер мен саясаткерлердің рөлдерін сомдау және фактілерді зерттеу, кеңес беру, этикалық дилеммаларды шешу сияқты негізгі заңгерлік дағдыларды меңгереді. Сәйкесінше, бизнес мектептерінде кейс зерттеулері іскерлік этиканы, менеджментті, маркетингті, тұтынушылық мінез-құлықты, сатуды, ұйымдастырушылық мінез-құлықты, кәсіпкерлікті және т.б. оқыту үшін қолданылады.

Соңғы жылдары мұғалімдерге шетел тілін оқыту мәселесі жалпы педагогикалық білім берудің көптеген инновациялық тәсілдері мен тәжірибелерін біріктірді (Crandall, 2000). Кейс технологиясы мұғалімдерді оқыту мен даярлау бағдарламаларының маңызды құрамдас бөлігіне

айналуына байланысты, білім беруде кейстерді оңтайлы қолдануға қатысты педагогтерге арналған медиа ақпараттар және нұсқаулықтарды қамтитын веб-сайттарда көбейді (Using Case Studies to Teach, 2013).

Кейс стади әдісін қолдануда мұғалім бағыт-бағдар беруші, кеңесші рөлін атқарады. Кейс – әртүрлі тіл деңгейлеріне және білім мазмұнына бейімделуі мүмкін, мысалы, арнайы мақсаттарға немесе мазмұнға негіздеп оқыту. Кейс-стади қарастыратын, талқылайтын тақырыптар қатарына күнделікті өмірдегі мәселелерден бастап, терең білімді талап ететін тақырыптар, түйінді мәселелер (жағдаяттар, көрнекі материалмен толықтырылған мультимедиялық, аудио-видео материалдар, тарихи оқиғалар, түрлі кестелер, диаграммалар) жан-жақты талдауды қамтитын жоғары мазмұнды деректер және құжаттар жатады (Christine Roell Using).

Кейс неғұрлым күрделі болса, студенттерге соғұрлым нақты терең білім мен мамандандырылған кәсіби тіл қажет. Сондықтан мазмұны күрделі контекстегі кейстер ағылшын тілін жеткілікті деңгейде меңгерген және пән бойынша арнайы білімі бар студенттер үшін қолайлы. Студенттерге қатысы бар нақты жағдайды немесе қарама-қайшылық тудыратын мәселені сипаттауға негізделеді. Мұғалімдер кейбір курстық жинақтарға енгізілген беделді ғаламтор сайттарынан дайын кейстердіде пайдалана алады немесе нақты тақырып аясында студенттер өздері құрастырады. Интернеттен қолжетімді мақалалар мен басқа материалдар кейс зерттеуінің бастапқы мәтіндері ретінде немесе бейімделген қалыпта ұсынылады.

О.К. Ильинаның пікірінше, пікірталастың нәтижелі өтуі үшін мұғалімдер кейс әдісін қолданбас бұрын, тақырып бойынша лексикалық және грамматикалық материалдарды пысықтап, студенттерге түсіндіруі қажет. Себебі «қатысушыларға өз ойларын анық, нақты, қиындықсыз жеткізуге, әңгімелесушіні немесе топ мүшелерін сендіруге көмектеседі” ағылшын тілін оқытудағы кейс әдісінің мәні «жасанды түрде құрылған кәсіби ортада студенттердің өз бетінше шетел тіліндегі әрекетінен тұрады». Кейс әдісінің табыстылығы үш негізгі құрамдас бөлікке байланысты: «істің мүмкіндігінше анық, егжей-тегжейлі болу сапасы, студенттердің дайындығы мен мұғалімнің істі қарастырыру дайындығы және пікірталасты ұйымдастыру іскерлігі» (Ильина, 2009).

Барлық кейстердің типтік құрылымы: проблемалық контекст; жағдайға түсініктеме беру; кейске қатысты сұрақтармен тапсырмалар және қолданбаларды қамтиды. Кейсті шешу бірнеше кезеңнен тұрады: жағдаятпен танысу, негізгі мәселені анықтау, тапсырмаларды іріктеу, жағдаят құру, негізгі ұғымдарды әзірлеу, сипаттама құру, қосымша

ақпараттар жинау, қорытынды мәтін дайындау, істі баяндау немесе презентация жасау, талқылауды ұйымдастыру т.б. Кейс нақты өмірден алынған немесе шешуді қажет ететін фактілік материал негізінде арнайы әзірленген конфликтік жағдайлардан тұрады.

Әрбір кейсті үш құрамдас бөлікке бөліп қарастыруға болады. Кейспен жұмыс жасаудың алғашқы кезеңінде студенттер бірлескен іс-әрекетке қызығушылық танытып, қарастырылатын кейс бойынша білімдерін көрсетеді, нақты мәселені анықтайды. Кейстің екінші кезеңінде студенттерге негізгі кейсті шешуге көмектесетін қысқаша қосымша ақпараттар беріледі. Бұл кезең ең ауқымды істі тікелей талдауды қамтиды, оның барысында студенттер нақты жағдайлардың шешімін іздейді. Бұл ақпараттарды мәселенің мазмұнын толықтай көрсететін презентациялар, диаграммалар, кестелер, сызбалар түрінде беруге болады. Үшінші кезеңде кейс мәтініне арналған тапсырмалар беріледі. Негізінен бұл тапсырмалар әртүрлі сұрақтарды қамтиды, ал қатысушылардың талқылаудағы жауаптары кейс мәселесін шешуге итермелейді. Студенттер сұрақтарға жауаптарды ұжымдық түрде дайындайды. Жауаптарын салыстыра отырып пікір алмасады, ортақ ұстанымға келеді, топтың шешімін ұсынады. Соңғы кезеңнің негізгі міндеті кейс нәтижелерін ұсыну, ұсынылған шешім нұсқаларының тиімдісін таңдау. Қорытынды кезеңде студенттер рефлексия жасайды, өз іс-әрекетін бағалайды. Мұғалім топ жұмысын талдайды, қорытындылайды және студенттердің іс-әрекетін бағалайды (Филонова, 2013).

Шағын топтарда кейстерді талдау бір жағынан қолайлы, екінші жағынан тиімді. Студенттер тыңдалым, оқылым, жазылым және сөйлеу дағдыларын дамытуға, бір-бірінен үйренге мүмкіндік алады. Үлкен топта кейсті талқылау студенттерге өз білім деңгейін бағалауға, пікірталас кезінде тілдік қабілетін көрсетуге ыңғайлы. Оқытушымен студенттерге жеке кейс құрудың артықшылығы: топтың деңгейіне қарай бейімдеп реттейді, кейс ақпараттарын ағымдағы күйде сақтап жаңартады, белгілі бір педагогикалық мақсатқа бейімдеп, мәтіннің ұзақтығы мен күрделілігін қадағалайды. Мәтіндегі жаңа идиомаларды, лексикалық және синтаксистік құрылымдарды меңгереді. Студент жеке пікірін дәлелдеуге, мәлімдемелерін тиянақты жеткізуге және логикалық тұрғыда мазмұнын жүйелі құрастыруға үйренеді. Кәсіби білімімен топ алдында тұрған мәселені оң шешуі өз қабілетіне деген сенімділік ұялатады. Пікірталас кезінде студенттердің коммуникативті дағдыларын тексеру, әрбір қатысушыға өзінің әлсіз тұстарын байқауға, қабілетін ашуға мүмкіндік береді (Гончарова, 2004).

Мұғалімнің міндеті – ситуация төңірегінде білім алушыларды әңгіме немесе пікірталас жүргізуге бағыттау, барлық топ мүшелерінің қатысуын және жұмыс уақытын белгілеу, жағдайды талдау процесінде студенттерді үстірт ойлаудан бас тартуға шақыру. Ситуациялық әдістеме оқытудың интерактивті әдістеріне негізделеді. Демек, студенттерді оқу әрекетіне ынталандыруға және жігерлендіруге басымдылық танытылады.

**Зерттеудің нәтижесі.** Педагогикалық зерттеу барысында кейс технологиясын қолданудың негізгі мақсаты - студенттердің коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру, кез-келген ситуацияны, мәселені талдауда теориялық тілдік білімдерін тәжірибеде қолданануға үйрету. Кейс негізінде оқыту студенттердің оқуға деген қызығушылығы мен мотивациясын арттыру мақсатында ортаны қамтамасыз етеді (Mayo, 2004; Naumes & Naumes, 2006).

Оқытудың кейс-әдісі студенттерге нақты өмірлік жағдаяттар тәжірибесін ұсыну арқылы олардың сыни тұрғыдан ойлау, проблеманы шешу қабілеттерін, ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасау және кәсіби шешім қабылдау дағдыларын дамытады. (Джонс, 2003) Кейбір жағдайларда студенттер өзінің жеке жағдаяттарын жазып, құрастыра алады және ағымдағы басылымдар, газет-журналдар, жеке тәжірибелер немесе өзгелердің тәжірибесі кейстердің мазмұнына үлес қоса алады (Tomey, 2003).

Шетел тілін оқытуда кейс әдісін қолданудың ерекшелігі – студенттерді пікірталасқа белсенді қатысуына, сыни тұрғыдан ойлауына, аналитикалық көзқарастарын дамытуына және педагогикалық шеберліктерін жетілдіруіне бағытталады. Дегенмен, студенттердің тілді меңгерудегі лексикалық немесе грамматикалық дағдыларымен іскерліктерінің жеткіліксіздігі пікірталас кезінде (баяндау, сұрақ қою, жауап беру, ұсыныс жасау, шешім қабылдау) кері әсірін тигізуі мүмкін. Өйткені студенттің кейсті талдап, талқылауда, жеке пікірі мен ойын толыққанды жеткізе алмауы – оны психологиялық тұрғыдан дағдарысқа ұшыратып жігерсіздендіреді және қызығушылығын төмендетіп, бойына сенімсіздік ұялатады. Сондықтан кейс әдісін қолданбас бұрын студенттердің лингвистикалық әлеуетін анықтау қажет.

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Педагогика және Психология факультетінің «Бастауышта білім беру көптілділікпен» мамандығының 1-2 курс студенттері арасында 2021ж. оқу процесінде кейс әдісін қолданумен педагогикалық зерттеу жұмысы жүргізілді. Ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтауда қатысқан студент саны - 58. Студенттердің тілдік білім деңгейін анықтау мақсатында төмендегідей тапсырмалар қамтылған (мәтін, мәтінге негізделген лексикалық және грамматикалық

тапсырмалар) бақылау жұмысы алынды. Берілген 12 түрлі тапсырма 78 сұрақтан тұрды.

1. Read the text and choose the correct answer (A, B, C, D) to the following questions.
2. Read the text again. Are the sentences true (T) or false (F).
3. Put the words in the correct order.
4. Complete the brackets with the verbs in the correct form.
5. Make the sentences into negative sentences.
6. Fill in prepositions where necessary.
7. Match the pictures with the phrases.
8. Underline the odd word out.
9. Complete the sentences with correct words.
10. Write the comparative and superlative forms of the adjectives.
11. Fill in the blanks with appropriate articles.
12. Put the verbs in the correct tenses.

Кесте -2.




| | Comprehension of text-based tasks | Lexical skills | Grammar skills |
|---|---|---|---|
| Intermediate (жоғары) | 20% | 19% | 22% |
| Pre-intermediate (орта) | 28% | 33% | 31% |
| Elementary (төмен) | 52% | 48% | 47% |

Бақылау/тест нәтижесі бойынша студенттердің ағылшын тілін меңгеру деңгейлерінің пайыздық көрсеткіші Intermediate level (жоғары деңгей): Comprehension of text-based tasks - 20%, Lexical skills - 19%, Grammar skills - 22%, үш әрекеттің орташа пайыздық көрсеткіші – 20,3% құрайды. Pre-Intermediate level (орташа деңгей) бойынша: Comprehension of text-based tasks - 28% жоғары деңгейден 8% артық, Lexical skills - 33% жоғары деңгейден 14% артық, Grammar skills - 31% жоғары деңгейден -9% артық, үш әрекеттің орташа пайыздық көрсеткіші – 30,7% жоғары деңгеймен салыстырғанда -10,4% артық. Elementary level (төмен деңгей) бойынша Comprehension of text-based tasks - 52%, Lexical skills - 48%

Grammar skills - 47% үш әрекеттің орташа пайыздық көрсеткіші – 49% құрайды. Салыстырмалы түрде жоғары деңгейден-28,7%, орташа деңгейден 18,3% артық. Бақылау нәтижесінен 49% студенттердің ағылшын тілінен білім деңгейлерінің төмен екені анықталды.

Студенттердің тілдік деңгейлері анықталғаннан кейін, 12 студент - Intermediate level "Advantages and Disadvantages of Online Learning» тақырыбы бойынша пікірталасқа қатысуға алынды. Флинн мен Клейннің (2001) зерттеуін ескере отырып, шағын топ форматындағы кейстер ұсынылды және өзара үш шағын топқа бөлінді. Демек, бұл зерттеу эмпирикалық мәліметтерді алу мақсатында "кейске негізделген оқу студенттердің ағылшын тілінде лингводидактикалық әлеуетін арттыруға қалай ықпал етеді?" деген сұраққа жауап береді. How does case-based learning help to increase students' linguodidactic potential in English?

